



@aydi.kz



@atyrau.youth



"JASSPACE: АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАРЫН ДАМУҒА БАСТАМАСЫ" БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕСЕБІ

**JASSPACE БАҒДАРЛАМАСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ,
"ШЕВРОН" КОМПАНИЯСЫ, АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ
БАСҚАРМАСЫ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУРАЗИЯ ҚОРЫ
АРАСЫНДАҒЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 16 МАМЫРДАҒЫ ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН
МЕМОРАНДУМ НЕГІЗІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА.**

**БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІ
2022 ЖЫЛҒЫ 16 МАМЫР - 2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

ОАЕҚ 2022 жылғы 23 маусымдағы №35497-ЭТП шарты негізінде
Абай орталығында 877 шаршы метр кеңістікті жалға алып отыр.



БАҒДАРЛАМАНЫҢ 8 АЙ ІШІНДЕ АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРІ:

20 қызметкер

JasSpace орталығында жұмыс істеу үшін жергілікті 20 қызметкерлерден тұратын команда құрылды және оқытылды;

6 оқытушы

JasSpace-тің 6 оқытушысы Абай орталығының штатына қабылданды, тағы 4 оқытушыны 2023 жылдың қаңтарында штатқа қабылдау жоспарлануда

16 білім беру бағдарламасы

1035 оқушы оқытылды

16 білім беру бағдарламасы әзірленді, оның негізінде JasSpace кеңістігі Атырау қаласының 7-11 сынып оқушыларына тұрақты негізде STEAM білім беруде, 2022 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейінгі аралықта 1035 оқушыға білім берілді.



ОРТАЛЫҚ ҚАЛА ЖӘНЕ ОБЛЫС ОҚЫТУШЫЛАРЫНА БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН, СЕМИНАРЛАРДЫ, ШЕБЕРЛІК-САФАТТАРЫН, КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ STEAM ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП КЕЛЕДІ. БАҒДАРЛАМА ІСКЕ АСЫРЫЛА БАСТАҒАН УАҚЫТТАН БЕРІ:

2

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КУРС

7

ШЕБЕРЛІК-САФАТЫ

1 СЕМИНАР

8

КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

379

АТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ҚАЛА МЕН ОБЛЫСТЫҢ 379 ОҚЫТУШЫСЫН ҚАМТЫДЫ.



**ОРТАЛЫҚТА ЕРТЕ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ
БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА. АТАЛҒАН
БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАР МЕН АТА-
АНАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА ИКЕМДІ
ДАҒДЫЛАР БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕР,
КӘСІПОРЫНДАРҒА ЭКСКУРСИЯЛАР, ДАМУ
ЖОСПАРЛАРЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР
ТҮРІНДЕ ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.**

78

оқушы арнайы
тестілеуден өтті және
кәсіби бағдар
беруші мамандардан
консультациялар алды;

81


икемді дағдылар
бойынша
тренингтерден өтті.

Жобаларды қорғауға, JasSpace
презентация-ларына, ата-
аналар жиналыстарына және
отбасылық шеберлік
сабақтарына 326 ата-ана
қатысты;


326

Ата-аналарға қосымша ақпарат
беру мақсатында STEAM білім
беру бойынша 4 мәрте тікелей
эфир ұйымдастырылды.
Тікелей эфирлердің
жалпы қаралым саны

2011



Орталық оқушыларды түрлі деңгейдегі конкурстар мен жарыстарға қатысуға дайындайды. Яғни, оқушылардың жобаларына әдістемелік және материалдық қолдау көрсетіледі:



ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУАЗИЯ ҚОРЫ ЖЕРГІЛІКТІ JASSPACE КОМАНДАСЫНА ТӘЛІМГЕРЛІК БАҒЫТТА, ЯҒНИ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ САЛАДА ОҚУЫ МЕН ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУІН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ТҰРҒЫДА ҚОЛДАП ОТЫРАДЫ. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ КОМАНДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ШАРАЛАРДАН ӨТТІ:

10

-Біліктілікті арттыру бағытындағы ұзақ мерзімді 2 курс;
-Менторинг және тәлімгерлік бойынша 3 тренинг;



-Команданы құру бойынша 1 тренинг;
-Әр тренер 1 тестілеуден өтті және 1 кәсіби бағдар берушілерден кеңес алды;



-Жобаларды басқару бойынша 2 тренинг;
- Лазерлік кесу және нақыштау және фрезерлік станокпен жұмыс бойынша 2 тағылымдама;



Әдістемелік бағыттағы 7 шеберлік-сағаты;
1 әдістемелік семинар.





**ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУРАЗИЯ ҚОРЫ ЖОБАНЫ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА (ӘКІМДІККЕ, БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА, МЕКТЕПТЕРГЕ, МҰҒАЛІМДЕРГЕ, АТА-АНАЛАРҒА, БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚҚА, ЖЕРГІЛІКТІ ҮЕҰ-ҒА, ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРҒА) ТАНЫСТЫРДЫ ЖӘНЕ JASSPACE ОРТАЛЫҒЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІ ЖАЛҒАСТЫРУДА, ЖАЛПЫ АЛҒАНДА:



13 ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗДЕСУІН ҚОСА АЛҒАНДА, МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ЖОБАНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА 13 АУҚЫМДЫ ІС-ШАРА ӨТТІ;

7 STEAM ІС-ШАРАЛАРДА 7 МӘРТЕ STEAM БАҒЫТТАҒЫ ЛЕКЦИЯЛАР ОҚЫЛДЫ;

АТАЛҒАН ІС – ШАРАЛАР 2030 АДАМДЫ ҚАМТЫДЫ.

STEAM ТӘСІЛІН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ЖОБАЛЫҚ ТОП ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗДІ:

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП - 279 ОҚУШЫ


АТЫРАУДЫҢ 3 МЕКТЕБІНЕ АРНАЙЫ БАРЫП, ШЕБЕРЛІК-САҒАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ 200 ОҚУШЫ ҚАМТЫЛДЫ



РОБОСПОРТТАН 1 ТУРНИР - 60 ОҚУШЫ



STEAM МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН 6 МӘРТЕ ДӘРІС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, ІС-ШАРА 150 ОҚУШЫНЫ ҚАМТЫДЫ



АУДАНДАРДАН КЕЛГЕН ОҚУШЫЛАР ҮШІН 15 ШЕБЕРЛІК-САҒАТТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, НӘТИЖЕСІНДЕ 150 ОҚУШЫ ҚАМТЫЛДЫ



АТЫРАУДЫҢ 5 МЕКТЕБІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ІС-ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, АТАЛҒАН ШАРА 310 ОҚУШЫНЫ ҚАМТЫДЫ



ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕН БӨЛЕК, ЖАЛПЫ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ОБЛЫС МЕКТЕПТЕРІНІҢ 1420 ОҚУШЫСЫН ҚАМТЫДЫ.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды тұрақты қолдау мақсатында орталықта 16 жастан 40 жасқа дейінгі азаматтарға базалық компьютерлік сауаттылық бойынша оқыту ұйымдастырылып, жеке консультациялар берілуде:

- Базалық компьютерлік сауаттылық бойынша 44 адам оқытылды;
- 36 бенефициар жеке кеңес алды;
- 8 адам жобалық ойлау және жеке өсу бойынша тренерлерге арналған тренингтерден өтті;
- 16 жас пен 40 жасқа аралығындағы 60 адам эдьютондардан өтті;
- Бастамаларды іске асыру үшін 300 000 теңге мөлшерінде 4 шағын грант бөлінді;
- Бір мәрте «Дөңгелектегі квест» іс-шарасы өткізілді, оған 40 адам қатысты.



STEAM тәсілі мен JasSpace орталығы туралы БАҚ-тағы, журналдардағы, сайттардағы мақалалар мен жарияланым-дар, теледидардағы сюжеттер, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы

2 400 000

адам адам хабардар болды.





БІЗДІҢ КОМАНДА МЕН СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ КҮШ-ЖІГЕРІ ҚАЛАДАҒЫ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН НЫҒАЙТУҒА ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ ДЕП СЕНЕМІЗ. БІЗ ӘРҚАШАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА АШЫҚПЫЗ ЖӘНЕ "JASSPACE: АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ЖАСТАРЫН ДАМУ БАСТАМАСЫ" БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ БОЙЫНША ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР ЖОЛДАСАҢЫЗ, ЕРЕКШЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ.

**ҚҰРМЕТПЕН,
"JASSPACE: АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ
ДАМУ БАСТАМАСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ КОМАНДАСЫ**

